

ӘОЖ 398.22

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТЕРІНДЕГІ ЖЫЛҚЫ  
МАЛЫНЫҢ БЕЙНЕСІ**

**К.К.Оразғалиева**

[kamfox@icloud.com](mailto:kamfox@icloud.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Филология факультеті, аударма теориясы және практикасы кафедрасының 4 курс  
студенті, Астана, Қазақстан

Жетекші – Б.М.Джабашева

Кез келген көркем әдебиетті, поэзия не прозаны оқу барысында, әр түрлі бейнелердің көптеп кездесетіні сөзсіз. Бейне мәдениет пен оның ұлттық өзгешелігін көрсетеді. Әр тіл не мәдениет иелушісінің бейнелері өзіне ғана тән, жеке сипатқа ие. Сонымен қатар, әр мәдениеттің өкілдері бір зат не құбылысты әр түрлі түсініп қабылдайды. Сол себепті, бейненің дұрыс емес түсіндірмесі автордың сөзінен мүлде өзгеше қабылданып, түсініспеушілікке әкелуі мүмкін. Сондай ақ, бейнелердің қалыптасуына шығарманың жазылу кезеңіне қатысты көркем әдебиет заманы әсер етеді. Демек, бейненің бүкіл толықтығын көрі үшін оның жазылу кезеңіне даназар аудару керек.

Кез келген елдің тілінде жан-жануарлар қашан да маңызды орын алған. Әр ұлтта тілдік бірліктер өзгеше болып қабылданатыны мәлім. В. Фон Гумбольдтың айтуы бойынша: «Тіл ұлттың өзіне ғана тән ерекшеліктерін бейнелеп қалыптастырады. Тіл халықтың дүниетанымын және ұлттық сипатын білдіреді. Сондықтан да, әр ұлттың дүниетанымының негізін оның ұлттық тілінен іздеу жөн». Өзге халықтарға ұқсамайтындай өзіне ғана тән қазақ халқының да мәдениетінде төрт түлік малдың мәні ерекше [1].

Қазақ халқының дәстүрлі өмір-салты мен дүниетанымының түсінігінде жылқы малы ерекше орынаға ие. Жылқы үй жануары болғандықтан қазақ тілінде көптеген тілдік деректер мен салт-дәстүрлер қалыптасып орнады. Қазақ халқы көшпенді өмір сүру салтын ұстанған, ал жылқы көшпенділер үшін күн сайынғы тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысып, мәдени өмірінің бірінші орнына шығып, наным-сенімдерінің культіне айналғанына мәлім.

Егер қазақты танығысы келгендер ат үстінде танысын десек – артық айтқандық болмас. Қазақтың тұрмыстық өмірінде төрт түліктің, ал соның ішінде жылқы малының шешуші фактор атқаратындығын көруге болады. Жылқы малы, не жалпы төрт түлік, киетін киімі, ішетін тамағы, шөлдегенде ішетін сусыны, жүретін көлігі, жататын төсеніші болғаны белгілі. Қазақ халқының өмір тіршілігінің қуанышына, сүйіншіне, наласы мен ренішіне, тек өзіне тән ғана дүниетанымына, рухани мәдени өмірі мен әдет ғұрпына сіңіскен жылқы малы басқа үш түліктерге қарағанда барынша дәріпке, бағалы қасиетке, аса қадірге ие болды.

Өзге де түркі мәдениеттерінде сияқты қазақ халқы да атазманнан бері жылқыны аса қадірлеп, қастерлейтін халықтар санатына жатады. Қазақ тіліндегі жырлары мен батырлық дастандарында, тұлпардың тұлпары, жүйріктердің жүйрігі айырықша және негізгі орын алады. Қазақ халық жырлары не басқа ұлттық шығармаларының қайсысын да әр батыр жаяу жүрмеген. Олар мінген аттары құр көлік болып саналмай ғана, сол батырлардың Тайбұрыл мен Байшұбар, Тарлан мен Қарақасқа ат секілде жан серіктері болып саналған. Жылқы – жауға шапқанда батырдың желмая жүйрігі, оның ең сенімді досы. Бұл қасиетті пырақтарды мал ретінде санауға да аузың бармайды [2].

Қазақ елі көшенді өмір салтын ұстанған соң, барлық жануарлардың ішінде жылқы малын ең маңызды ретінде қараған. Олар төрт түлік малдың ішінен жылқыны «малдың патшасы» деп бағалап, өз өмірлерінің ажырамас бір бөлігіне айналдырған. Хақымыздың бүкіл тұрмыс тіршілігі, еңегі мен өнері онымен өте тығыз байланысқаны белгілі.

Қазақ халқы жылқы малын көбінесе оның жасы мен жынысына қарай ажыратты.

- Төл: құлын – биенің жас төлі; жабағы – алты айдан асқан құлын; тай – жылқының бір жастағысы болып бөлінеді;

- Биелер: құнажын байтал – биенің екі жастағысы; дөнежін шығар – биенің үш жастағы ұрғашысы; дөнежін байтал – үш жастан асқан бие; бесті бие – биенің бес жастағысы; қасабалы бие – биенің жеті не сегіз жастағы ұрғашысы деп бөлді;

- Айғырлар: құнан айғыр – екі жаста асқан айғыр; дөнен айғыр – айғырдың үш жастағысы; сәуірік айғыр – айғырдың төрт жастағы үйірге салынбағаны; жасамалы - үш-төрт жастан асқаны; бесті айғыр – айғырдың бес жастағысы; сақа айғыр – он бір жастан асқан айғыр; азбан - алты жасында піштірілгенімен айғырлық әдетін қоймай, биенің мазасын алатын айғыр.

Қазақ халқы көшпенді өмір салтын ұстанған соң, жылқы қазақ тұрмысында үлкен орынға ие болды. Дәл сондай, қазақтар оны тек жасы мен жынысына ғана ажыртпай, сонымен қатар оның шабысына, мінісіне, сүті мен басқа да белгілерге орай ажыратты [3].

Ғасырлар бойы қазақ халқы төрт түлік малды бағып өсірді: қой, түйе, ірі қара мен жылқы малы. Алайда, олар «Біздің бар байлығымыз – жылқы» деп бекер айтпаған. Себебі, жылқының еті мен терісі – олардың жейтін тамағы мен киетін киімі болып саналды.

Ағылшын көркем әдебиетінде жылқы малының бейнесі тура және ауыспалы мағынада қолданылады. Берілген лексикалық бірліктерді бейнелі амалмен қолдану айырықша қызығушылықты тудырады. Зерттеу жұмысы барысында «horse» лексемасының қолдануы талданды. Ағылшын тілі сөздіктерінде «жылқы» сөзін білдіретін 32 лексикалық бірліктер тіркелген: horse, bronco, charger, cob, colt, courser, dobbin, equine, filly, foal, gee-gee, gelding, hack, hinny, hunter, jade, mare, mount, mule, mustang, nag, palfrey, piebald, pony, punch, racer, roadster, roan, skewbald, stallion, steed, stud. «Horse» мағынасына сәйкес синонимдардың көптігі британдық лингвомәдениетіндегі жылқы малының бейнесінің өзектілігін көрсетеді.

XIX ғасырда британдық халқы үшін билік пен атақтылықты сипаттайды. Сымбатты және бапты жылқы британдық шығармаларында қашан да ақсүйек тұқым болып сипатталады. Арбаның болуы тектіліктің белгісі болды. Арбаның сәндігіне қарай, оның дәрежесін байқауға болады. Берілген бейнелеме қазіргі күнге дейін сақталған. Оның көрінсі ретінде әлі күнге дейін сақталған, бай адамдар әуес қылатын ат жарысын белгілеуге болады. Ат жарысының ең танымалы қызығымпазы – Елизавета патшайым. Ол өзінің ең мықты аттарының бірін Royal Ascot сайысында жарыстырады [4].

Жылқы малы «ағылшындықты» көрсететін ажырамас маңызды компоненттерінің бірі. Британдықтар өсіретін жылқы тұқымының теңдессіздігі британдық аралдардың тұрғындардың теңдессіздігін тура дәлелдейді. Сондай ақ, жылқы – ойын-сауық пен табыс табуға, сатылып және сатып алынатын тауар болып есептеледі. Дәл осылай, ағылшындарды бейнелейтін жылқының қиын және қарама-қайшы бейнесі сипатталады.

Жылқыларды ажырату амалдары әр түрлі мағыналық реңкілерге ие. Біріншіден, олар жылқылардың жас айырмашылықтарын көрсетеді. Мәселен, төрт жасқа дейін толған жас жылқыны, яғни төлді сипаттау үшін «colt», «filly», «foal» деген лексикалық бірліктер қолданылады. Егер де әлсіз кәрі жылқыны сипаттаса, «hack», «jade», «nag», «dobbin» деген бірліктер қолданылады.

Екіншіден, ажырату амалдарының негізінде жыныстық айырмашылықтар да бар. «Colt», «stallion», «stud» мен «gelding» лексикалық бірліктер ер жынысын, ал «filly» мен «mare» бірліктер тек әйел жыныстарын білдіреді. Бұдан басқа, ажырату амалдарына жануардың функционалды міндеті де кіреді. Мысалы, «gaser» лексикалық бірлігі жарыстарға қатысатын жылқыны білдірсе, «hunter» бірлігі – аңшылықта қолданатын ат, «roadster» бірлігі – ұзақ жолдарда тайпалайтын ат, «charger» бірлігі – әскери ат, «palfrey» бірлігі – әдейі әйел ат салт жүрісіне арналып жаттықан ат. «Pony» лексикалық бірліктің семантикасында кішкентай бойдың белгісі бар. Бұл бірлік (poulet – little foal/құлыншақ) – француз тілінен енген кірме сөзі. Семантикалық адаптацияның барысында ол өзінің мағыналық реңкісін өзгертіп, қазіргі күнде жылқының белгілі бір түрін білдіреді: пони – 147-150 сантиметрлік кішкентай бойлы жылқы.

**Қорытынды:** Жылқы адам өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады. Сондықтан, жылқы малы өнерде, осы жағдайда, көркем әдебиетте өте көрнекті және толықтай көрсетіледі. Англия мен Қазақ халқы әр түрлі жолмен дамыған соң, британдықтар мен қазақтардың тұрмысында жылқы малының рөлі де бірдей емес болды.

Сөйтіп, жоғарыда айтылғандарды сараласақ, әр ұлттың өзіне ғана тән ұлттық-мәдени ерекшеліктері болатынын айтамыз. Ол түрлі образдар, мінездер, стереотиптер, материалдық және рухани құндылықтарды қамти алады. Осылардың барлығы тек бір ғана этносқа тән бола алатын немесе сол этностың көрінісі, айнасы мен көзі бола алатын белгілердің жиынтығын құрады да, өз көрінісін тілде табады.

#### Қолданған әдебиеттер тізімі

1. Анесова, У. Символдардың түрлері: қазақ және ағылшын мәдениеттеріндегі көрінісі / У. Анесова – Вестник КазНУ. Серия филологическая, №1(131). 2011. – 191 б.
2. Жиренов, С.А. Этнолингвистические свойства фразеологизмов с компонентом “лошадь” в казахском и киргизском языках / С.А. Жиренов – Вестник КРСУ. 2013. – Том 13. № 185 б.
3. Шахметова, Н. А., Нукенов, К. К. Лексико-семантическое поле «Жылқы» / «Лошадь» в казахском и русском языках. / Н. А. Шахметова, К. К. Нукенов – ISSN 1811-1823. Вестник ПГУ. Серия ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ. 2014. № 3 – 222 б.
4. Иванова, Е. А. Языковые средства обозначения лошади в английской литературе / Е. А. Иванова – Вестник ВГУ. Серия: Лингвистика и межкультурная коммуникация. 2012. № 2 – 112 б.